

**Үржар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 қарашадағы "Үржар ауданы бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттары үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы" № 471 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 16 мамырдағы № 163 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 мамырда № 76-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Үржар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Үржар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 қарашадағы "Үржар ауданы бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттары үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы" № 471 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6352 тіркелген) күші жойылды деп танылсын;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Турлыбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Үржар ауданының әкімі*

*Н. Токсентов*